

**И.Журба атындағы жалпы орта мектебінің 2021 – 2022
оқу жылында жүргізілетін директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасарының жылдық жоспары.**



2021 – 2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының басым бағыттары бойынша И.Журба атындағы жалпы орта мектебінде жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Тұлғаның шығармашылық іс – әрекетін кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру негізінде дамыту

Мақсаты: Өзінің және қоғамның мүддесінде өзін – өзі белсенді етуге дайындау, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, тәрбиелі, білімді тұлғаны дамыту, қалыптастыру.

I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Оқушылар мен жастардың қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтап, дамытуға Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымы және патриоттық сананы, құқықтық және ұлтаралық мәдени қарым қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті қалыптастыру

Міндеті: Қазіргі жағдайда тәрбиеленушілердің құқықтық санасын, олардың балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру аса маңызды мәселе.

№	Іс-шараның тақырыбы	Өтілу әдісі	Мерзімі	Жауапты
1	«Тәуелсіздік жетістіктері»	Ашық сабақтар, ашық тәрбие сағаттары	01.09. 2021 жыл	М. Жамалбекова Ж.Жунисов – ДТІЖО тәлімгер
2	«Абайланыз бағдаршам» ЖҚЕ бойынша он күндік іс-шара өткізу	Тәрбие сағаттары	Қыркүйек II апта	М. Жамалбекова – ДТІЖО А. Мамырай педагог ұйымдастырушы
3.	«Құқықтық кеңес»	Лекция	Қазан II апта	Ж. Жунисов – құқық, тарих пәні мұғалімі
4.	«Сынып жетекшілердің проблемалық жұмысы», «Оқушының өзін жақсы сезіну үшін не істеу керек»	Әдістемелік кеңес	Қараша I апта	П. Исаева педагог - психолог
5	Жолдау жаңашылдыққа жетелейді.	Пікірсайыс	Қыркүйек II апта	Т.Саметова – тарих Е.Мұсаев- тарих,құқық

6	«Тағдыры таразы – Тәуелсіздік»	Кездесу-жиын, тәрбие сағаттары	Желтоқсан II апта	Ж.Жунисов – ДТІЖО
7	«Ауғанның от жалыны»	Кездесу-жиын, Тәрбие сағаты	Ақпан III апта	Ж.Жунисов – ДТІЖО Қ.Юнусов – АӘД пәні мұғалімі
8	«Ұлы Жеңіс» мерекесі	Тақырыптық ашық тәрбие сағаттары, кездесу-жиын	Мамыр I апта	Ж.Жунисов – ДТІЖО Т.Саметова-тарих пәнінің мұғалімдері

II. Рухани – адамгершілік тәрбие

Максаты: Оқушылар мен жастардың өзіндік сапасын дамытуға жағдай жасап, адамгершілік пен имандылыққа толы рухы мен әдеп ұстанымы мықты әлеуметтік жағынан белсенді жеке тұлғаны қалыптастыру

Міндеті: Оқушылар мен жастардың қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыру

№	Іс-шараның тақырыбы	Әдісі	Мерзімі	Жауапты
1.	Тәуелсіздікке 30 жыл	Байқау, сайыс, кездесу-жиын	Қыркүйек II апта	М. Жамалбекова – ДТІЖО А. Мамырай педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер
2	«Қарттар – тарих, қазына, ел қазығы»	Кездесу – жиындар, сыр - сұхбат	Қазан I апта	М. Жамалбекова – ДТІЖО А. Мамырай педагог ұйымдастырушы
3.	«Кітаппен дос болайық!»	Пікірсайыс онлайн форматта	Қазан	Г. Байысбай -кітапхана менгерушісі А. Нысанбай тәлімгер
4.	Фариза Оңғарсынованың жыр әлемі	Жыр мүшайрасы онлайн	Қараша II апта	Абай тану мен жас тілші үйірмесінің жетекшілері
4	Үштілділік және жеке тұлғаның интеллектуалдық өрісі	Әдістемелік кеңес	Мамыр I апта	Оразбаева Р.Асанова С. Г. Тойбекова – шығармашыл сынып жетекші

III. Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру, оқушылардың бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерін қалыптастыру, халық өнегесін үйрету.

Міндеті: Халқымыздың әдет-ғұрпын, дәстүрін, тарихын білу, оны қастерлеу – әрқайсысымыздың борышымыз

№	Іс-шараның тақырыбы	Әдісі	Мерзімі	Жауапты
1.	«Қазақ халқының салт – дәстүрлерін қолдану – халықтық тәлім – тәрбие берудің қайнар көзі	Әдістемелік кеңес	Қараша II апта	Ж.Жунисов– ДТІЖО А. Мамырай
2.	«Қылықты қыз – құндыз, ұлықты ұл - жұлдыз»	Сайыс	Наурыз II	М. Жамалбекова ДТІЖО А. Мамырай
3.	«Қош келдің, Наурыз!»	Мерекелік театрландырылған сахналық қойылымдар	Наурыз III	М. Жамалбекова ДТІЖО А. Мамырай педагог ұйымдастырушы А. Нысанбай - тәлімгер
4.	«Тыйым сөздердің тәрбиелік мәні»	Кездесу – жиын	Мамыр III апта	Ж.Жунисов– ДТІЖО А. Мамырай

IV. Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Қазақстандық қоғамның жалпы сұранысы және халық дәстүрлері, әлемдік және ұлттық мәдениет негізінде құрылған балалар мен жастарды жалпы адамзаттық және ұлтаралық құндылықтарға бағдарлау

Міндеті: Қоғамда адамдар арасындағы оңтайлы және эмоционалды көңіл – күй қарым – қатынасы арқылы адамгершілік, рухани және гуманитарлық құндылықтарға басымдық беруге әлеуметтік тарихи тәжірибені тарату

№	Іс-шараның тақырыбы	Әдісі	Мерзімі	Жауапты
1	«Жанұя – тәрбие мектебі» Жүректен жүрекке.	Баяндама онлайн форматта	Қыркүйек ІІІ апта	М. Жамалбекова – ДТДЖО П. Исаева педагог – психолог
2	«Мектеп пен ата-ана: әлеуметтік әріптестіктің даму кезеңдері»	Ата-аналар жиналысы	Қаңтар ІІ апта	Ж.Жунисов – ДТДЖО П. Исаева Ұ. Жусупова Ұ. Сапарова -әлеуметтік-педагог
3	«Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу»	Дөңгелек үстел	Қаңтар ІІІ апта	Ж. Жунисов -ДТДЖО
4	«Ұл ұяты – әкеге, қыз ұяты – анаға»	Дөңгелек үстел	Ақпан І апта	М. Жамалбекова – ДТДЖО П. Исаева М. Айтманбектова Т. Саметова – қыздар ұйымының төрайымы
5	«Мамандығын анықтауда балаға қалай көмектесуге болады?»	Дөңгелек үстел	Наурыз І апта	Ж.Жунисов – ДТДЖО П. Исаева Ұ. Жусупова педагог – психолог
6	«Ынтымақты отбасы»	Кездесу	Наурыз І апта	М. Жамалбекова Ж.Жунисов – ДТДЖО П. Исаева педагог – психолог А. Мамырай педагог ұйымдастырушы
	«Ана – бала тірегі» , «Ата – анаға жадынама»	Дөңгелек үстел	Сәуір ІІ апта	Жунисов– ДТДЖО М. Жамалбекова П. Исаева Ұ. Жусупова

				педагог – психолог
8.	«Балаларды ойынханалардан қалай қорғауға болады?»	Ата-аналар жиналысы	Мамыр II апта	Ж. Жунисов – ДТІЖО М. Жамалбекова П. Исаева Ұ. Жусупова педагог – психолог

V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Оқушылар мен жастардың бойында табиғатқа әдепті көзқарастың және оған қарым – қатынастың қалыптасуы мен дамуын табиғи ресурстардың жағдайына жеке жауапкершілік сезімін және адамдардың олармен парасатты іс – әрекеттерде болуына тәрбиелеу

Міндеті: Оқушылар мен жастардың қоршаған орта мен халықтың денсаулығын қорғауға елімізде экологиялық жағдай туралы халықты ақпаратпен қамтамасыз етуге баулу, еліміздің түпкілікті тиімділігін тиянақтап жаңа өндіріс және қоғамға пайдалы еңбек жасауына ықпал ету.

№	Іс-шараның тақырыбы	Әдісі	Мерзімі	Жауапты
1	«Таза болса табиғат – аман болар адамзат»	Тәрбие сағаттары	Қараша ІҮ апта	М. Жамалбекова – ДТЖО
2	«Ең таза ,гүлдерден сынып»	Сайыс, сынып бөлмелері	Қаңтар І апта	А. Мамырай педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер
3	«Жан сұлулығы өзіңнен, тән сұлулығы табиғаттан»	Дөңгелек үстел	Наурыз ІІІ апта	Наурызова Г-биология пән мұғалімі
4	Оқушылар қолөнері. «Менің жетістігім»	Сайыс	Наурыз ІҮ апта	Х.Ысмайыл Б.Татыбаева М.Қалмұрзаев
5	«Бала еңбегін қанаудың алдын алу»	Әдістемелік кеңес	Маусым І апта	М. Жамалбекова Ж.Жунисов– ДТЖО
6	«Табиғат ананы аялайық!»	Дөңгелек үстел	Маусым ІІ апта	М. Жамалбекова – ДТЖО М. Абдраева - «Жасыл желек» үйірмесінің жетекшісі

VI. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Оқушылар мен жастар бойына рухани – адамгершілік құндылықтарды әсемдік арқылы, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары арқылы, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыру

Міндеті: Оқушылар мен жастар бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер құралдары арқылы анағұрлым жоғары сана-сезім тұжырымдамалы ойлауға қабілет, әлемді тұтас бағамдай білетін, өзінің дербес шығармашылық қызметі мен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет және адамдармен қарым-қатынасты қалыптастыру.

№	Іс-шараның тақырыбы	Әдісі	Мерзімі	Жауапты
1	«Адал еңбек, алғысым – ұстазыма»	Кездесу – жиын	Қазан I апта	Ж. Жунисов – ДТДЖО А. Мамырай
2	«Арайлы алтын Күз» Тәуелсіз Қазақстанға 30 жыл	Байқау, көрме, сайыс	Қазан II апта	А. Мамырай педагог ұйымдастырушы А. Нысанбай - тәлімгер
3	«Өнерлі ұстаз – 2021 ж»	Байқау	Қараша	М. Жамалбекова – ДТДЖО А. Мамырай педагог ұйымдастырушы
4	«Сұлулық пен қыз егіз»	Дөңгелек үстел	Қаңтар IY апта	А. Мамырай педагог ұйымдастырушы Т. Саметова -қыздар ұйымының төрайымы
5	Азаматтық қорғаныс күнін атап өту.	Дабыл қағу	Наурыз I апта	Ж. Жунисов– ДТДЖО Қ. Юнусов – АӘД пәнінің мұғалімі
6	«Сынып жетекші – баланың бас ұстазы» / Жас сынып жетекшіге көмек /	Әдістемелік кеңес	Сәуір III апта	Т. Саметова Н. Сарсенбекова Ұ. Медетбаева
7	«Жасыл шырша жанында»	Ертеңгіліктер, театрландырылған сахналық қойылымдар	Желтоқсан IY апта	М. Жамалбекова Ж. Жунисов– ДТДЖО А. Мамырай – тәлімгер М. Айтбанбетова педагог ұйымдастырушы

VII. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Оқушылар мен жастардың белсенді ойлау қызметінің дамуын, олардың сана – сезімінің сенімді және қажетті біліммен толығын барлық жағдай жасау

Міндеті: Оқушылар мен жастардың ақыл – ой қабілеті мен білімге құштарлығын дамыту

№	Іс-шараның тақырыбы	Әдісі	Мерзімі	Жауапты
1	«Озық ойлы топ»	Сайыс	Қазан ІҮ апта	А. Мамырай
2	«Оқушылардың қызығушылығын арттыру амалдары» / Жас маманмен жұмыс /	Әдістемелік кеңес	Ақпан ІІ апта	Ұ.Медетбекова Н.Сарсенбекова Т.Саметова Ұ.Ермекбаева
3	«Шығармашылық қабілетті дамыту – мұғалім міндеті»	Конференция	Сәуір ІҮ апта	М. Жамалбекова Ж.Жунисов– ДТІЖО
4.	«Өзінді – өзің меңгерсең»	Достық кеші (мектепшілік) Психологиялық тренингтер	Қыркүйек ІҮ апта	М. Жамалбекова ДТІЖО П. Исаева педагог – психолог
5	Оқушының бос уақытын тиімді пайдалану	Әдістемелік кеңес	Желтоқсан	Ж.Жунисов М. Жамалбекова – ДТІЖО П. Исаева Ұ. Жусупова педагог – психолог
6	«Өмір қымбатсың маған»	Психолог сағаты	Наурыз ІІ апта	П. Исаева Ұ. Жусупова педагог – психолог

VIII. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты: Оқушылар мен жастардың бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсіби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін салауатты өмір салтын дарыту және жеке тұлғалық сапаны қалыптастыру

Міндеті: Салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктерін, оның қызметінің ерекшеліктерін болжау, адамның физикалық, психикалық және рухани саулығының өзара байланысы, сондай-ақ, тәрбиеленушілерді сан алуан спорт түрлеріне тікелей қатыстыру жолымен ағартушылық жұмыс барысында жүзеге асыру

№	Іс-шараның тақырыбы	Әдісі	Мерзімі	Жауапты
1	«Дені саудың – жаны сау»	денсаулық күні	Қыркүйек I апта	Ж.Жунисов– ДТДЖО Дене тәрбиесі мұғалімдері
2	«Зиянды әдеттерден сақтан!»	Психолог сағаты	Қыркүйек III апта	П. Исаева М. Айтбанбетова -психолог
2	«Бақытым да, байлығым да - денсаулығым	Пікірсайыс	Қараша I апта	Ж. Сергулиева
3	«Толағай» отбасылық сайысын өткізу	Сайыс	Ақпан III	М. Игибаев дене шынықтыру пәні мұғалімдері

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:



М. Жамалбекова
Ж.Жунисов